

Көркемсурет мектебі педагогикалық кеңес отырысы

Хаттамасы

№6

Маусым айының 30-ы күні педагогикалық кеңес отырысы өткізілді. Педагогикалық кеңес отырысына барлық топ жетекшілер және кеңес мүшелері толық қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде марапатқа жоғары білімді, педагог-сарапшы біліктілік санатындағы бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Ш.Дүйсенқұлованы ұсыну туралы
Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.у.а. Г.Жасарқызы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде марапатқа жоғары білімді, педагог-сарапшы біліктілік санатындағы бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Ш.Дүйсенқұлованы ұсыну туралы хабарламасы
Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.у.а. Г.Жасарқызы

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Тәрбие орынбасарының м.у.а Г.Жасарқызы:

ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығымен бекітілген көтермелеудің салалық жүйесінің талаптарын, қоса тіркелген іс-қимыл алгоритмін, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 27 маусымдағы №1/2951 санды хатын, Ырғыз аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №23-1/310 хатын негізге ала отырып, мектебіміздегі жоғары білімді, педагог-сарапшы біліктілік санатындағы бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Дүйсенқұлова Шарбану Рафихқызын Оқу-ағарту министрлігінің алғысына ұсынамын.

Қ.Жаңаберген, мектеп директорының м.у.а: Мектебіміздің мұғалімі Шарбану Рафихқызы көп жылдардан бері осы мектепте қызмет атқарып келеді. Әріптесіміздің жұмысы тиянақты, балаға деген мейірімі мол, сабақтарын әрқашан жаңа методикада өткізіп, оқушылар да өзі де үнемі ізденіс үстінде болады. Әріптесіміздің осы кезең аралығында жеткен жетістіктері аз емес, оқушылардында аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық сурет және қолөнер байқауларында жүлделі болып жүргендігін баршамыз білеміз. Шарбану Рафихқызы аталған марапат бойынша ұсынуға әбден лайықты деп есептеймін.

Көркемсурет мектебінің бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Әлімбаева Жәнісгүл Жақсылыққызы: Ұсынысқа толықтай келісемін, себебі әріптесім Шарбану Рафиққызы тәжірибелі маман. Өз ісінің маманы деп айтуға толық негіз бар. Облыстық деңгейде шеберлік сағаттарын өткізіп, республикалық додалаларда оқушылармен қатар өзі де бақ сынап, әрқашан ізденісте. Газет, журналдарға мақала жариялап әрқашан өз білімімен бөлісіп отырады. Ұсыныспен толықтай келісемін.

ҚАУЛЫ:


1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде Оқу-ағарту министрлігінің алғысына Ш.Дүйсенқұлованы ұсыну туралы тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.у.а Г.Жасарқызының хабарламасы негізге алынсын.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде «Оқу-ағарту министрлігінің алғысына жоғары білімді, педагог-сарапшы біліктілік санатындағы бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Дүйсенқұлова Шарбану Рафиққызы ұсынылсын.

Кенес төрағасы



Қ.Жаңаберген

Кенес хатшысы



Г.Жасарқызы